

Қазақстан Республикасында дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 730 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 қыркүйекте № 35161 болып тіркелді.

"Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 3-тармағына және 32-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидалары;

1) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Верификациялау рәсімінен өту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жедел-криминалистикалық департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі

Е. Саденов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 730 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2024 жылғы "___" _____
№ _____ бұйрығына
1-қосымша

Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуді жүргізуге, дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинауға, өңдеуге және қорғауға, биологиялық материалды алуға, сақтауға, пайдалануға, жоюға, адамның жеке басын анықтауға немесе растауға уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) амплификация – хромосомалық дезоксирибонуклеин қышқылы (бұдан әрі – ДНҚ) учаскелерінің қосымша көшірмелерінің пайда болу процесі;

2) генетикалық профиль – адамның немесе танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін оның ДНҚ-ның белгілі бір фрагменттері туралы кодталған ақпарат;

3) геномдық ақпарат бойынша сәйкестендіру – анықталып жатқан адамның, танылмаған мәйіттің геномдық профилінің "Жеке басты биометриялық сәйкестендіру"

автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "ЖБС" ААЖ) геномдық ақпаратының дерекқоры бойынша сәйкес келуін тексеру;

4) геномдық ақпаратты жинау – геномдық ақпаратты алуға бағытталған іс-әрекеттер ;

5) дактилоскопиялау – қолдардың тырнақ фалангаларының және (немесе) алақандары бетіндегі папиллярлық сызықтардан түзілетін тері бедерлерінің таңбаларын (бұдан әрі – таңбалар) алу;

6) дактилоскопиялық ақпарат бойынша сәйкестендіру – жеке басты дактилоскопиялық ақпараттың "ЖБС" ААЖ дерекқоры бойынша жеке тұлғаның немесе танылмаған мәйіттің қолдарының саусақтарының және (немесе) алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы биометриялық деректерді тексеру арқылы анықтау;

7) дактилоскопиялық ақпаратты жинау – дактилоскопиялық ақпаратты алуға бағытталған іс-әрекеттер;

8) дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік органдар) – өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуді жүзеге асыратын ішкі істер органдары, сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ұлттық қауіпсіздік органдары, көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

9) дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты беру – уәкілетті мемлекеттік органға дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты беруге бағытталған іс-әрекеттер;

10) дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты жинақтау – дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты "ЖБС" ААЖ дерекқорына енгізу арқылы оны жүйелеу жөніндегі іс-әрекеттер;

11) дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты сақтау – дактилоскопиялық немесе геномдық ақпараттың заңда белгіленген құпиялығы мен қолжетімділігінің тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттер;

12) дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты трансшекаралық беру – Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шет мемлекеттің аумағына, шет мемлекеттің билік органына дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты беру;

13) дербес сәйкестендіргіш – дактилоскопиялық ақпараттың "ЖБС" ААЖ-да қолдардың саусақтарының және (немесе) алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы биометриялық деректер бөлігінде ақпараттық жүйелердің интеграцияланған өзара іс-қимыл жасасуы шеңберінде адамның дербес деректерімен байланысына арналған бірегей сәйкестендіргіш;

14) "Жеке басты биометриялық сәйкестендіру" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі – біреуі автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйедегі дактилоскопиялық ақпаратты, ал екіншісі автоматтандырылған геномдық ақпараттық жүйедегі геномдық ақпаратты қамтитын екі кіші жүйеден тұратын электрондық ақпараттық ресурс;

15) қағаз дактилоскопиялық карта – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес дактилоскопияланған адамның қолдарының саусақтарының барлық тырнақ фалангаларының таңбаларын, қолдарының саусақтарының бақылау таңбаларын, екі қолының алақандарының таңбаларын және дербес деректерін қамтитын белгіленген нысандағы бланк;

16) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің орталықтандырылған автоматтандырылған дерекқоры (бұдан әрі – ҚАЖ ОАДҚ) – тергеу изоляторларында, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде ұсталатын, сондай-ақ пробация қызметінде есепте тұрған адамдардың жүріс-тұрысын есепке алу бойынша ақпараттық жүйе;

17) микросхема (түйіспелі немесе түйіспейтін интерфейстері бар чип) – жеке басты куәландыратын құжат иесі туралы ақпарат осы құжаттың ішінде орналастырылған электрондық жеткізгіш;

18) полимеразалық тізбекті реакция (бұдан әрі – ПТР) – биологиялық материалда ДНҚ-ның аз концентрациялы белгілі бір фрагменттерін айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік беретін молекулярлық биологияның эксперименталдық әдісі;

19) тексеру іс-шаралары – дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылықтарды анықтауға бағытталған іс-әрекеттер;

20) тірі адамдардың биологиялық материалын алуға арналған жиынтық – биологиялық материалды алуға, сақтауға және тасымалдауға арналған, бір реттік қолданылатын арнайы, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін стерильденген карта-жеткізгішті жиынтық;

21) халықты құжаттандыруға арналған қолданбалы бағдарламалық қамтылым (бұдан әрі – ҚБҚ) – Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыруға және тіркеуге арналған бағдарламалық өнім;

22) электрондық дактилоскопиялық карта – электронды-цифрлық нысандағы дактилоскопиялық карта.

3. Өз өкілеттіктері шеңберінде дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асыруға:

1) ішкі істер органдары;

2) сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

3) Қазақстан Республикасының шет елдерде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері);

4) көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

5) ұлттық қауіпсіздік органдары қатысады.

4. Өз өкілеттіктері шеңберінде геномдық тіркеуді жүзеге асыруға:

1) анықтау, тергеу органдары;

2) сот сараптамасы органдары;

3) лицензия негізінде сот-сараптамалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар (бұдан әрі – лицензиаттар);

4) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелері;

5) пробация қызметі;

6) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі қатысады.

2-тарау. Дактилоскопиялық тіркеуді жүргізу

5. Ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшелері:

1) өздерінің келісімімен Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын алғаш алу үшін, сондай-ақ оларды қалпына келтіру не ауыстыру үшін жүгінген Қазақстан Республикасы азаматтарының;

2) Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алу үшін осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіпте жүгінген кезде он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалардың;

3) мыналардың:

Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат алу үшін жүгінген;

мыналарды:

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын;

азаматтығы жоқ адамның куәлігін;

босқын куәлігін;

жол жүру құжатын алғаш ресімдеген, сондай-ақ қалпына келтірген, ауыстырған жағдайларда он алты жасқа толған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинауды жүзеге асырады.

6. Сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы азаматының паспорты Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде өздерінің келісімімен ресімделген кезде Қазақстан Республикасы азаматының, сондай-ақ осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіпте он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалардың дактилоскопиялық ақпаратын жинауды жүзеге асырады.

7. Сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ішкі істер органдары өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеген кезде он алты жасқа толған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинауды жүзеге асырады.

8. Ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберілетін не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттар қолданылатын он алты жасқа толған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинауды жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасының теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы шешім қабылданған, он алты жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялық тіркеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

10. Дактилоскопиялық ақпаратты жинау адамның екі қолының он саусағының және (немесе) екі қолы алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы биометриялық деректерді дактилоскопиялау арқылы алуды және осы Қағидаларда белгіленген дербес деректердің тиісті ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтиды. Бұл ретте дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамның дербес деректері оның екі қолының он саусағының және (немесе) алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы биометриялық деректері бар "ЖБС" ААЖ-дағы дербес сәйкестендіргішпен байланысты болады.

11. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алуға өтініш жасаған кезде он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалардан дактилоскопиялық ақпаратты жинау олардың келісімімен және жеке басын куәландыратын құжатты және заңды өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты ұсынған кезде баланың заңды өкілінің қатысуымен және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жасалған жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.

12. Сот әрекетке қабілетсіз деп анықтаған, дактилоскопиялық тіркеуге жататын адамнан дактилоскопиялық ақпаратты жинау жеке басын куәландыратын құжатты және қорғаншысының өкілеттігін растайтын құжатты ұсынған кезде оның қорғаншысының қатысуымен және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жасалған жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

13. Адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинау ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшелерінде, оның ішінде оның халықты құжаттандыруды тіркеу пункттерінде, ұлттық қауіпсіздік органдарында, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағындағы дактилоскопиялық тіркеуге жататын адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетімен жүріп-тұру қабілетінен айыруға әкеп соққан ағза функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулығының нашарлауына байланысты жеке келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, қызметкер оның тұрғылықты жеріне бара отырып, дактилоскопиялық ақпаратты жинауды жүзеге асырады.

14. Жеке басты куәландыратын құжаттарды ресімдеген кезде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың "ЖБС" ААЖ-дағы дактилоскопиялық ақпараты:

- 1) тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 2) туған күні мен жерін;
- 3) жынысын;
- 4) ұлттық тиесілігін (иесінің қалауы бойынша);
- 5) азаматтығын;
- 6) қолдарының он саусағының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпаратты;
- 7) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірін, берілген күнін, қолданылу мерзімін;
- 8) құжатты берген органның атауын;
- 9) жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болса);
- 10) дактилоскопиялық тіркеу жүргізілген күн мен негізін қамтиды.

15. Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың "ЖБС" ААЖ-дағы дактилоскопиялық ақпараты:

- 1) тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 2) туған күнін;
- 3) жынысын;
- 4) қолдарының он саусағының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпаратты;
- 5) азаматтығын;
- 6) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірін, берілген күнін, қолданылу мерзімін;
- 7) құжатты берген органның атауын;
- 8) визаның берілген күнін, қолданылу мерзімін;
- 9) виза берген органның атауын қамтиды.

16. Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат берген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың "ЖБС" ААЖ-дағы дактилоскопиялық ақпараты:

- 1) тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 2) туған күнін;
- 3) жынысын;
- 4) екі қолының он саусағының және алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпаратты;
- 5) азаматтығын;

- 6) фотосуретін;
- 7) шетелде тұрақты тұратын мекенжайын;
- 8) Қазақстан Республикасында уақытша тұратын мекенжайын;
- 9) қабылдайтын тараптың мекенжайын;

10) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірін, берілген күнін, қолданылу мерзімін;

11) дактилоскопиялық тіркеу жүргізілген күн мен негізін қамтиды.

17. Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберілетін не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың "ЖБС" ААЖ-дағы дактилоскопиялық ақпараты:

1) тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) туған күнін;

3) жынысын;

4) екі қолының он саусағының және алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпаратты;

5) азаматтығын;

6) фотосуретін;

7) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірін, берілген күнін, қолданылу мерзімін;

8) дактилоскопиялық тіркеу жүргізілген күн мен негізін;

9) Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберілген күн мен негіздерін (заңды күшіне енген сот үкімі немесе шешімі);

10) өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағына кіруге тыйым салынатын, сот белгілеген күнді қамтиды.

18. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат ресімдеген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың "ЖБС" ААЖ-дағы дактилоскопиялық ақпараты:

1) тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) туған күнін;

3) жынысын;

4) екі қолының он саусағының және алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпаратты;

5) азаматтығын;

6) фотосуретін;

7) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірін, берілген күнін, қолданылу мерзімін;

- 8) дактилоскопиялық тіркеу жүргізілген күн мен негізін;
- 9) виза, уақытша тұруға рұқсат берілген күнді, қолданылу мерзімін;
- 10) тұрақты тұру жоспарланып отырған жердің мекенжайын;
- 11) тұрақты тұруға өтінішхатты қараған органның атауын қамтиды.

19. Дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асыру кезінде дактилоскопиялауды уәкілетті мемлекеттік органдарда қызмет өткеретін (жұмыс істейтін) арнайы дайындалған қызметкерлер (жұмыскерлер) (бұдан әрі – қызметкер) жүргізеді.

Қызметкерлерге дактилоскопиялауды оқытуды ұйымдастыру дактилоскопиялық ақпаратты жинауды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктеледі.

20. Көші-қон қызметінің қызметкері құжаттандыру рәсімін бастамас бұрын Қазақстан Республикасының азаматынан дактилоскопиялық тіркеуден өтуге қалауы туралы сұрайды.

Қазақстан Республикасының азаматы көші-қон қызметінің қызметкеріне дактилоскопиялық тіркеуден өтуді қалайтыны не бас тартатыны туралы ауызша түрде хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының азаматы дактилоскопиялық тіркеуден өтуді қаласа, көші-қон қызметінің қызметкері ҚБҚ-да одан өтуге өтінімді қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының азаматы дактилоскопиялық тіркеуден өтуден бас тартқан кезде де көші-қон қызметінің қызметкері ҚБҚ-да құжаттандыруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының азаматы бұрын дактилоскопиялық тіркеуден өткен жағдайда және белгі бар болса, қызметкер "ЖБС" ААЖ арқылы верификациялауды заңнамада белгіленген тәртіпте жүргізеді.

21. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды құжаттандыру кезінде көші-қон қызметінің қызметкері ҚБҚ-да дактилоскопиялық тіркеуден өткені туралы белгінің бар-жоғын тексереді.

Белгі бар болса, қызметкер шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды верификациялауды "ЖБС" ААЖ арқылы заңнамада белгіленген тәртіпте жүргізеді.

Егер ҚБҚ-да шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық тіркеуден өткені туралы белгі болмаса, көші-қон қызметінің қызметкері ҚБҚ-да дактилоскопиялық тіркеуден өтуге өтінімді қалыптастырады. Осыдан кейін "ЖБС" ААЖ-да дактилоскопиялық тіркеуді жүргізеді.

Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам немесе ол заңды мүдделерін білдіретін адам дактилоскопиялық тіркеуден өтуден бас тартқан жағдайда, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес дактилоскопиялық тіркеуден өтуден бас тартуды жазбаша толтырады.

22. Дактилоскопиялау процесі қолдардың он саусағын немесе екі қолдың он саусағы мен алақандарын арнайы дактилоскопиялық сканерде сканерлеу арқылы бояу

жақпайтын әдіспен не осы Қағидалардың 25-тармағында белгіленген жағдайларда бояу жағу әдісімен дактилоскопиялық картаның қағаз бланкісінде жүзеге асырылады.

23. Жеке басты куәландыратын құжаттарды ресімдеген кезде Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялау бояу жақпайтын әдіспен қолдардың он саусағын сканерлеу арқылы мынадай:

1) қолдардың он саусағын батыра басу (бұдан әрі – батыра басу тәсілі);

2) қолдардың он саусағын басып түсіру (бұдан әрі – басып түсіру тәсілі) тәсілдерінің бірі арқылы жүзеге асырылады.

Қолдардың он саусағының таңбаларын сканерлеудің батыра басу тәсілі мынадай кезектілікте жүргізіледі:

1) дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына оң қолдың, содан кейін сол қолдың төрт саусағы (бас бармақсыз) біруақытта қойылады;

2) дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына қолдардың бас бармақтары біруақытта қойылады.

Қолдардың он саусағының таңбаларын сканерлеудің басып түсіру тәсілі мынадай кезектілікте жүргізіледі:

1) оң қолдың бас бармағынан бастап шынашағымен аяқтап, тырнақтың бір шетінен екіншісіне дейін кезекпен басып түсіріледі, содан кейін дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына сол қолдың саусақтары дәл солай басып түсіріледі;

2) оң қолдың, содан кейін сол қолдың төрт саусағы (бас бармақсыз) дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына біруақытта қойылады;

3) дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына қолдардың бас бармақтары біруақытта қойылады.

24. Дактилоскопиялау кезінде алынған қолдардың он саусағының немесе екі қолдың он саусағының және алақандарының таңбалары "ЖБС" ААЖ дерекқорына енгізіледі, екі қолдың сұқ саусақтарының екі таңбасы жеке басты куәландыратын құжаттың микросхемасына енгізіледі. Сұқ саусақтары (біреуі немесе екеуі) болмаған жағдайда (ампутация, туа біткен патология) микросхемаға ортаңғы не аты жоқ саусақтардың немесе қолдардың екі бас бармағының анағұрлым сапалы екі таңбасы енгізіледі. Бір қолы болмаған жағдайда (ампутация, туа біткен патология) микросхемаға бар қолының екі саусағының анағұрлым сапалы таңбалары енгізіледі.

25. Уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат беру кезінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберілетін не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттар қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялау басып түсіру тәсілімен мына әдістердің бірімен:

1) қолдардың он саусағы мен алақандарын сканерлеу арқылы бояу жақпайтын әдіспен;

2) осы Қағидалардың 34 және 35-тармақтарына сәйкес қолдардың он саусағы мен алақандарын дактилоскопиялық картаның қағаз бланкісіне бояу жағу әдісімен жүзеге асырылады.

Қолдардың он саусағы мен алақандарын сканерлеу мынадай кезектілікте орындалады:

1) оң қолдың бас бармағынан бастап шынашағымен аяқтап, тырнақтың бір шетінен екіншісіне дейін кезекпен басып түсіріледі, содан кейін дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына сол қолдың саусақтары дәл солай басып түсіріледі;

2) оң қолдың, содан кейін сол қолдың төрт саусағы (бас бармақсыз) дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына біруақытта қойылады;

3) дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына қолдардың бас бармақтары біруақытта қойылады;

4) дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына оң және сол қолдың алақандары кезекпен қойылады.

Дактилоскопиялық картаның қағаз бланкісіне бояу жағу әдісімен дактилоскопиялау буындардың деформациялануына байланысты қолдардың саусақтарын сканерлеу мүмкін болмаған жағдайларда қолданылады. Көші-қон қызметінің қызметкерлері алынған қағаз дактилоскопиялық картаны ҚБҚ-ға енгізгеннен кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты және (немесе) биологиялық материалды жою актісі бойынша жояды.

26. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның дактилоскопиялаудан өткені туралы анықтама осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ресімделеді және оған қағаз форматта беріледі.

Көші-қон қызметінің қызметкері бұрын дактилоскопиялаудан өткен адамның сауалнамалық деректері сәйкес келмеген жағдайда ішкі істер органдарының мүдделі бөлімшелерін екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 133, 134 және 135-тармақтарында көзделген тексеру іс-шараларын жүргізу туралы хабардар етеді.

27. Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттар қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоспағанда, тіркелетін адамның қолдарының саусақтарының жекелеген тырнақ фалангаларында дактилоскопиялауды уақытша болдырмайтын ашық жаралар мен өзге де жарақаттар болған жағдайда, дактилоскопиялық ақпаратты жинау қолдардың жарақаттанбаған саусақтары бойынша жүргізіледі.

Дактилоскопиялық тіркеуге жататын адамның деформацияланған буындары бар болған жағдайда, дактилоскопиялық ақпаратты жинау қолдардың неғұрлым азырақ деформацияланған саусақтары бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асыратын қызметкер "ЖБС" ААЖ дерекқорына екі қолдың он саусағының тырнақ фалангаларына уақытша зақым келгені және өтініш жасалған күні дактилоскопиялау рәсімін жүзеге асырудың мүмкін еместігі туралы белгі қолды және тіркелетін адамға жазылғаннан кейін жеке басты куәландыратын құжатты алу үшін келесі жүгінген кезде қайтадан дактилоскопиялаудан өту қажеттігі туралы ескертеді.

28. Жеке басты куәландыратын құжаттарды ресімдеген кезде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың екі қолының саусақтарының папиллярлық бедерлері "ЖБС" ААЖ-да танылмайтын болса, қолды санитариялық-гигиеналық құралдармен өңдеу және қайта дактилоскопиялау рәсімінен өту қажет. Дактилоскопиялаудың батыра басу тәсілі пайдаланылған кезде екі қолдың саусақтарының папиллярлық бедерлері "ЖБС" ААЖ-да қайта танылмаған жағдайда дактилоскопиялаудың басып түсіру тәсілі қолданылады.

29. Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттар қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарда дене кемістіктері болса (екі қолының барлық саусағы немесе екі қолының барлық саусағының тырнақ фалангаларында папиллярлық бедерлер болмаса), дактилоскопиялау қолдардың алақандары бойынша жүзеге асырылады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар екі қолының барлық саусағы немесе екі қолының басы болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде дактилоскопиялық тіркеуден және жеке басын дактилоскопиялық ақпарат бойынша растау рәсімінен босатылады.

30. Дактилоскопиялық тіркеуден бұрын өткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер:

1) екі қолының он саусағының уақытша зақымдалуына байланысты бұған дейін дактилоскопиялық ақпарат жинау жүргізілмесе немесе қол саусақтарының жекелеген тырнақ фалангаларында оларды дактилоскопиялауды уақытша болдырмайтын ашық жаралар мен өзге де жарақаттардың болуына байланысты зақымдалмаған саусақтар бойынша жүргізілсе;

2) дактилоскопиялық тіркеуден өткен адам саусақтың тырнақ фалангаларының папиллярлық бедерлерінде жүре пайда болған, қалпына келмейтін зақымдардың (мысалы, тыртық, тері ауруының салдарынан болған тыртықша, елеулі жарақаттар) болуына байланысты "ЖБС" ААЖ дерекқоры бойынша автоматтандырылған жүйеде танылмаса, дактилоскопиялау рәсімінен қайтадан өтеді.

31. "ЖБС" ААЖ бойынша бұрын дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы саусақтың тырнақ фалангаларының папиллярлық

бедерлерінде жүре пайда болған, қалпына келмейтін зақымдардың (мысалы тыртық, тері аурулары салдарынан болған тыртықша, елеулі жарақаттар) болуына байланысты танылмаған жағдайда қайта дактилоскопиялау оның келісімімен жүргізіледі.

32. Дактилоскопиялау алдында тіркелетін адамның қолында ашық жараның бар-жоғы және қолдарының тазалығы қаралады.

Тіркелетін адамда:

ашық жара анықталса, осы Қағидалардың 27, 28 және 29-тармақтарында көзделген іс-әрекеттер жүргізіледі;

қолы айтарлықтай лас болса, санитариялық-гигиеналық құралдармен өңдеу арқылы оны кетіруге мүмкіндік беріледі.

Дактилоскопиялаған кезде мына талаптардың бірінің сақталуы қамтамасыз етіледі: тіркелетін адамның қолдарының саусақтарын дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына үйкемей, біркелкі басып түсіру;

тіркелетін адамның қолдарының саусақтарын дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына тығыз батыра басу;

тіркелетін адамның қолдарының саусақтарын бояуды жайып жағуға арналған боялған металл немесе шыны тілімшенің (бұдан әрі – тілімше) бетінен және дактилоскопиялық картаның үстінен үйкемей біркелкі басып түсіру, сондай-ақ таза білікше мен тілімшелерді пайдалану.

33. Электрондық немесе қағаз дактилоскопиялық карта осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес толтырылады. Қағаз дактилоскопиялық карта қара, қара-көк немесе күлгін пасталы шарикті қаламмен баспа әріптерімен толтырылады.

34. Бояу әдісімен дактилоскопиялау үшін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жасалған, бір саусақ үшін 35x35мм көлемді басып түсіру орны бар А4 форматындағы дактилоскопиялық карта бланкісі, дактилоскопиялауға арналған арнайы бояу, білікше, екі тілімше, бояу еріткіштер не арнайы дактилоскопиялық жиынтықтар, дактилоскопиялауға арналған үстел, дымқыл гигиеналық майлықтар пайдаланылады.

35. Басып түсірілген саусақ таңбасын алу үшін қол саусағы тырнақ фалангасының қырымен боялған тілімшеге қойылады және оның үстінде тырнақтың бір шетінен екіншісіне дейін аунатылады.

Бояу жағу әдісімен дактилоскопиялаған кезде тырнақ фалангасының ішкі жұмсақ бөлігі толығымен және ортаңғы фаланганың 3-5 мм боялуға тиіс. Бояу жағылған саусақ дактилоскопиялық карта бланкіндегі таңба алу үшін қалдырған жерде дәл осындай әдіспен басып түсіріледі. Тіркелетін адам саусағын басып түсіргеннен кейін қызметкер оны босатпай, папиллярлық бедердің суретін бұзып жібермей жоғары көтереді.

36. Түзетуге келмейтін деформацияланған саусақтың таңбасын алу кезінде саусақтың тырнақ (үстіңгі) фалангасының томпақ бөлігіне бояу жағылады. Деформацияланған саусақтың тырнақ (үстіңгі) фалангасына арнайы жайманың көмегімен көлемі 35x35мм ақ қағаз парағы қойылады. Таңба алу үшін жеңіл басу

арқылы саусақ қағаз бойымен басып түсіріледі. Одан әрі саусақ таңбасы бар қағаз парағы дактилоскопиялық картада өзіне тиесілі орынға желімделіп, одан әрі міндетті түрде оны орналастырудың дұрыстығы тексеріледі. Екі қолдың алақандарының таңбаларын алу қажет болған кезде бояу алақандарға білікшемен біркелкі жағылады, одан кейін боялған алақандарға кезекпен көлемі 100x120мм ақ қағаз парағы қойылады. Алақандардың таңбалары бар қағаз парақтары дактилоскопиялық картада оларға тиесілі орынға желімделеді.

37. Дактилоскопиялау аяқталғаннан кейін бақылау таңбалары бойынша дактилоскопиялық картада оларды орналастыру дұрыстығы және әрбір таңбаның сапасы: папиллярлық бедердің барлық тән ерекшеліктерін бейнелей отырып басып түсірудің толықтығы, лас және таңбаланбай қалған учаскелердің болмауы, барлық папиллярлық сызықтарды жай көзбен қарап есептеуді қамтамасыз ететін бейнелеу нақтылығы тексеріледі.

38. Бояу әдісімен дактилоскопиялау кезінде ресімделген дактилоскопиялық карта планшетті электрондық сканердің көмегімен электрондық форматқа ауыстырылады.

39. Дактилоскопиялау мүмкіндігін жоққа шығаратын мынадай дене кемістіктері бар :

1) екі қолының барлық саусақтары немесе қолының басы жоқ;

2) дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысы бар болса, дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босату үшін негіз болып табылатын сырқаты бар адамдар дактилоскопиялық тіркеуге жатпайды. Дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босату үшін негіз болып табылатын аурулардың тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 15 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34307 болып тіркелген).

Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттар қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарда осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген дене кемістіктері бар болған кезде дактилоскопиялық тіркеуден босатылмайды және осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес дактилоскопияланады.

40. Жеке басын куәландыратын құжаттарды ресімдеген кезде Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялау мүмкіндігін жоққа шығаратын дене кемшіліктері анықталған кезде олардан дактилоскопиялық ақпарат жинауды жүзеге асырған қызметкер ҚБҚ тиісті бөліміне адамның дактилоскопиялық тіркеуден босатылғаны туралы белгі қояды.

Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялау мүмкіндігін жоққа шығаратын дене кемшіліктері анықталған кезде де олардан дактилоскопиялық ақпаратты жинауды

жүзеге асырған қызметкер адамның дактилоскопиялық тіркеуден босатылғаны туралы тиісті белгі қояды.

41. Дактилоскопиялық тіркеуден бұрын өткен адамның қолының, қолдарының бір немесе бірнеше саусақтарының папиллярлық сызықтары зақымдалған немесе тырнақ фалангаларынан айырылған кезде қолдардың он саусағының немесе екі қолдың он саусағы және алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы биометриялық деректері бөлігіндегі дактилоскопиялық ақпарат өзгертіледі және оны қайта дактилоскопиялау кезінде алынған жаңасымен толықтырылады.

42. Қызметкер дактилоскопиялық ақпаратты өзгертуді және (немесе) толықтыруды дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамның, оның заңды өкілінің немесе қорғаншысының өтініш білдірген не дұрыс емес (қате) мәліметтердің болу фактісін анықтаған күні жүзеге асырады.

43. Дактилоскопиялық тіркеуден бұрын өткен адамдардың дербес деректері бөлігіндегі дактилоскопиялық ақпарат өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілгеннен кейін жаңа ақпаратпен ауыстырылады, бұл ретте алдыңғы деректер "ЖБС" ААЖ-бен интеграцияланған ақпараттық жүйелерде архивтеледі.

44. Дактилоскопиялық тіркеуді жүргізу нәтижесінде алынған дактилоскопиялық ақпаратты жинауды және сақтауды Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі "ЖБС" ААЖ-да автоматтандырылған тәсілмен "Дактилоскопиялық және геномдық ақпараттың дерекқорларын қалыптастыру, жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 желтоқсандағы № 169 қбпү бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16206 болып тіркелген) дактилоскопиялық және геномдық ақпараттың дерекқорларын қалыптастыру, жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

45. Қазақстан Республикасы азаматының дактилоскопиялық ақпаратын "ЖБС" ААЖ дерекқорында сақтау оның қайтыс болу фактісі анықталғаннан кейін ол жүз жасқа толған күнге дейін жүзеге асырылады.

46. Қазақстан Республикасы азаматының дактилоскопиялық ақпаратын сақтау сот оны хабарсыз кеткен деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған немесе шыққан жағдайларда, ол жүз жасқа толған күнге дейін жүзеге асырылады.

47. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын "ЖБС" ААЖ дерекқорында сақтау тіркелген күннен бастап он жыл бойы жүзеге асырылады. Он жыл өткеннен кейін дактилоскопиялық ақпаратты сақтау оны архивтегеннен кейін "ЖБС" ААЖ дерекқорында қырық жыл бойы жүзеге асырылады.

48. Уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша "ЖБС" ААЖ-ға келіп түскен дактилоскопиялық ақпаратты сақтау, егер оны сақтау мерзімі сұрау салуда тікелей ескертілмесе, анықталмаған (іздістіруде жүрген) адамның немесе танылмаған

мәйіттің жеке басы анықталғанға дейін жүзеге асырылады, содан кейін ол дерекқордан алып тасталады.

49. Дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпараты:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жеке басын растау және (немесе) анықтау;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды есепке алу және бақылау;

3) жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін адамдарды дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басын растау рәсімі арқылы есепке алу және бақылау үшін пайдаланылады.

50. Дактилоскопиялық тіркеудің мақсаттары дактилоскопиялық ақпарат негізінде жеке басты анықтау және (немесе) растау болып табылады. Жеке басты анықтау дактилоскопиялық ақпараттың дерекқоры бойынша, жеке басты растау – нақты адамды дактилоскопиялық ақпарат бойынша сәйкестендіру жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

51. Дактилоскопиялық тіркеуден бұрын өткен адамды дактилоскопиялық ақпарат бойынша сәйкестендіруді құжаттандыру процесінде, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі жүзеге асырады.

52. Дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімі арқылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін адамдарды есепке алу және бақылау үшін дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын пайдалану Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қбпү бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басын растау рәсімін жүзеге асыру және осы адамдардың дактилоскопиялық ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20115 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

53. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі дактилоскопиялық тіркеуден бұрын өткен адамды дактилоскопиялық ақпарат бойынша тексеруді немесе дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамның дактилоскопиялық ақпаратын ұсынуды осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ресімделген және фельдъегерлік байланыс немесе электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы жіберілген "Жеке басты биометриялық сәйкестендіру" автоматтандырылған

ақпараттық жүйесі дерекқоры бойынша уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының ақпаратқа қолжетімділік саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады.

54. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі уәкілетті мемлекеттік органның "ЖБС" ААЖ бойынша тексеруге сұрау салуын оны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде орындайды, нәтижелері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамамен ресімделеді.

55. Сұрау салу бастамашыға:

- 1) сұрау салу нысаны бұзылған;
- 2) бастамашы сапасыз дактилоскопиялық ақпарат ұсынған;
- 3) егер сұрау салудың немесе дактилоскопиялық (ақпараттық) картаның мәтіндік бөлігі нақтылаусыз түзету мүмкін болмайтын бұзушылықтармен және қате толтырылған жағдайларда орындаусыз қайтарылады.

56. Дактилоскопиялық ақпараттың пайдаланылуын бақылау дактилоскопиялық ақпарат берілген мемлекеттік органдардың басшыларына жүктеледі.

57. Дактилоскопиялық ақпаратты сақтау мерзімі өткен соң Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес бөлімше басшысы бекітетін дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты және (немесе) биологиялық материалды жою актісі бойынша жояды.

58. Дактилоскопиялық ақпаратты жою актісінде мынадай деректер:

- 1) дактилоскопиялық ақпарат жойылған күн, негізі;
- 2) тіркелген адамның аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегі, жынысы, туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі;
- 3) жою тәсілі;
- 4) дактилоскопиялық ақпаратты жоюды жүзеге асырған қызметкерлердің аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегі, лауазымдары мен қолтаңбалары көрсетіледі.

3-тарау. Геномдық тіркеуді жүргізу

59. Тірі адамдардың биологиялық материалын алуға уәкілетті мемлекеттік органның қызметкері ұзақ уақыт сақтау кезінде биологиялық материалдың сақталуын, жасушалардың еруін, патогендер белсенділігінің азаюын, ДНҚ-ның тұрақтылығын, ақуыздардың бұзылуын және қорғанысы бар нуклеин қышқылдарын нуклеаз ықпалынан имобилизациялауды, сондай-ақ түссіз биологиялық сұйықтықтарды салу орнының түсті индикациясының болуын қамтамасыз ететін биологиялық материалды алуға арналған жиынтықты пайдалана отырып жүзеге асырады.

60. Геномдық тіркеуге жататын адамға биологиялық материалды алу негізі мен өткізу тәртібі түсіндіріледі.

61. Тірі адамдардың биологиялық материалын алған кезде зақым келтіруге, адам өмірі мен денсаулығына қауіп келтіретін құралдарды қолдануға рұқсат етілмейді.

62. Биологиялық материалды алу тамаққа немесе ішуге дейін немесе одан кейін бір сағаттан соң жүргізіледі. Биологиялық материалды алудан бұрын тіркелетін адам ауызды сумен шаюы қажет.

Биологиялық материалды алу кезінде биологиялық материалды алуға арналған жиынтықты басқа адамның бөлінділерімен ластауға жол берілмейді.

63. Тірі адамдардың биологиялық материалын алу:

1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес сотталғанның немесе хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалына ақпараттық картаны толтыруды;

2) биологиялық материалды бетінің ішкі жағынан алу және тіркелетін адамның Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болса) көрсете отырып, тасымалдаушы картаны толтыруды;

3) биологиялық материалды конвертте (пакетте) тіркелетін адамның Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болса) көрсете отырып буып-түюді қамтиды.

Қызметкер тіркелетін адамның ақпараттық картасын, тасымалдаушы картаны қара, кара-көк немесе күлгін түсті бояғышы бар шарикті қаламмен баспа әріптермен толтырады.

64. Қызметкер тірі адамдардың биологиялық материалын алуға арналған жиынтықтың қаптамасын зарарсыздандырылған бір реттік қолғап және бетпердемен тіркелетін адамның немесе оның заңды өкілінің қатысуымен ашады.

65. Биологиялық материалды алу үшін тіркелетін адамның ауыз қуысына тасымалдаушы орналастырылады және 5-7 қозғалыс жасай отырып, әр бетінің ішкі жағынан оны алу жүргізіледі.

66. Тіркелетін адамның толтырылған ақпараттық картасы бар алынған биологиялық материал қағаз конвертке (пакетке) салынады, желімделеді және мөрленеді. Конверттің (пакеттің) бет жағына биологиялық материалдары буып-түйілген адамның Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) жазылады.

Бұл ретте ақпараттық картадағы, оның биологиялық материалының қаптамасындағы және тасымалдаушы картадағы адамның Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және жеке сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде) бірдей болуы тиіс.

67. Биологиялық материалдар Цельсий бойынша + 16-дан + 25-ке дейінгі градус температура кезінде ылғалдылығы 40-45%-дан аспайтын, күн сәулесі тікелей түспейтін құрғақ, қараңғы үй-жайда конвертте сақталады.

68. Жеке тұлғалардан биологиялық материалды қайта алу Ішкі істер министрлігі жедел-криминалистикалық бөлімшесінің сұрау салуы бойынша бастапқыда сапасыз алынған жағдайда жүзеге асырылады.

69. Ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120, 121, 122, 123 және 124-баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін сотталған адамдардан биологиялық материалды алуды қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде (бұдан әрі – мекеме) орналасқан медициналық ұйымдардың жұмыскерлері мен пробация қызметінің қызметкерлері үлгілерді алуға жәрдем көрсету үшін ішкі істер органдары жедел-криминалистикалық бөлімшелерінің қызметкерлерін тарта отырып жүзеге асырады.

70. Сотталған адамдарды міндетті геномдық тіркеуді жүргізу үшін негіз заңды күшіне енген сот үкімі болып табылады.

71. Қызметкер сотталған адамнан биологиялық материалын алуды оны ҚАЖ ОАДҚ бойынша бұрын геномдық тіркеуден өту мәніне тексергеннен кейін жүзеге асырады. Геномдық тіркеуден бұрын өткен адам сотталған жағдайда, биологиялық материал алынбайды, бұл туралы ҚАЖ ОАДҚ-да белгі жасалады.

72. Сотталған адамдардың биологиялық материалын алуды жүзеге асыратын қызметкер осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес сотталғанның немесе хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалына ақпараттық картаны толтырады, оны өзінің қолтаңбасымен растайды.

73. Сотталған адамның биологиялық материалына ақпараттық карта мынадай мәліметтерді:

1) атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегін, азаматтығын, жынысын, туған күні және жерін, тұрғылықты жері немесе болатын жері бойынша тіркеу туралы мәліметтерді, жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болса) немесе тіркелетін адам туралы деректер алынған жеке басты куәландыратын құжаттың атауы мен нөмірін;

2) геномдық тіркеу үшін биологиялық материал алуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бөлімшесінің атауын;

3) геномдық тіркеу үшін биологиялық материал алу жүргізілген күн мен негізін;

4) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің адамды соттауға негіз болған бабын;

5) биологиялық материал алуды жүзеге асырған лауазымды адамның атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегін, лауазымы мен қолтаңбасын;

6) кәмелетке толмаған адамды қоспағанда, геномдық тіркеу үшін биологиялық материал алу жүргізілген адамның қолтаңбасын (тіркелетін адам ақпараттық картаға қолтаңбасын қоюдан бас тартқан кезде картада бұл туралы жазба жасалады);

7) кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің қолтаңбаларын (кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері ақпараттық картаға қолтаңбаларын қоюдан бас тартқан кезде картада бұл туралы жазба жасалады) қамтиды.

74. Қызметкер биологиялық материалын алу жүзеге асырылған сотталған адам туралы деректерді "ЖБС" ААЖ-бен интеграцияланған ҚАЖ ОАДҚ-ның ақпараттық жүйесіне енгізеді.

75. Сотталған адамның ақпараттық картасы бар биологиялық материалы ҚАЖ ОАДҚ-да тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде геномдық тіркеуді жүзеге асыру үшін Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне жолданады.

Аумақтық ішкі істер органдары пробация қызметі қызметкерлерінің орналасу орны бойынша сотталған адамдардың биологиялық материалдарын ақпараттық картасымен бірге Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне геномдық тіркеу үшін фельдъегерлік пошта немесе пробация қызметі қызметкерінің жазбаша сұрау салуы бойынша қолма-қол жолдауды қамтамасыз етеді.

76. Мекеме басшысы, пробация қызметінің бастығы мыналарды:

1) "Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті геномдық тіркеуге жататын сотталған адамдарды анықтауды және есепке алуды;

2) биологиялық материалды осы Қағидаларда белгіленген талаптарға қатаң сәйкестікте алуды;

3) биологиялық материал мен ақпараттық картаны қоса отырып, міндетті геномдық тіркеуді жүргізу туралы өтінішті Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне жолдауды;

4) сотталған адамдардың биологиялық материалының толықтығын, дұрыстығын және алу сапасын бақылауды қамтамасыз етеді.

77. Анықтау, тергеу органдары хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарынан геномдық тіркеу үшін биологиялық материал алуды осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес олардың геномдық тіркеуден өтуге жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырады.

78. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарынан биологиялық материал алу туыстық дәрежесіне байланысты жүзеге асырылады. Бірінші кезекте тікелей қандас туыстарынан: биологиялық ата-анасынан (ата-анасының бірін) және (немесе) балаларынан (баласынан), ал олар болмаған кезде анасы жағынан қандас туыстарынан, әкесі жағынан ер адамдардан, туған аға-інілері мен қарындастарынан, апа-сіңлілерінен алынады.

79. Хабарсыз кеткен адамның биологиялық туысы болып табылатын кәмелетке толмаған адамнан биологиялық материал алу оның келісімімен және заңды өкілінің

қатысуымен және оның жеке басын куәландыратын құжатты және заңды өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты ұсынған кезде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жасалған геномдық тіркеуден өтуге жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

80. Хабарсыз кеткен адамның биологиялық туысы болып табылатын және сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылған адамнан биологиялық материалды алу қорғаншысының қатысуымен және оның жеке басын куәландыратын құжатты және қорғаншысының өкілеттігін растайтын құжатты ұсынған кезде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жасалған геномдық тіркеуден өтуге жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

81. Хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалын алуды жүзеге асыратын қызметкер осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес сотталғанның немесе хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалына ақпараттық картаны толтырады және оны өзінің қолтаңбасымен растайды. Хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының ақпараттық картасында, оның биологиялық материалының қаптамасында және (немесе) карта-жеткізгішінде дербес деректері сәйкес келуі тиіс.

82. Хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалына ақпараттық карта мынадай мәліметтерді:

1) атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегін, азаматтығын, жынысын, туған күні және жерін, тұрғылықты жері немесе болатын жері бойынша тіркеу туралы мәліметтерді, жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болса) немесе тіркелетін адам туралы деректер алынған жеке басты куәландыратын құжаттың атауы мен нөмірін;

2) геномдық тіркеу үшін биологиялық материал алуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бөлімшесінің атауын;

3) геномдық тіркеу үшін биологиялық материал алу жүргізілген күн мен негізін;

4) биологиялық материал алуды жүзеге асырған лауазымды адамның атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегін, лауазымы мен қолтаңбасын;

5) кәмелетке толмаған адамды қоспағанда, геномдық тіркеу үшін биологиялық материалын алу жүргізілген адамның қолтаңбасын;

6) кәмелетке толмаған адамның заңды өкілінің немесе сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның қорғаншысының қолтаңбасын қамтиды.

83. Ақпараттық картаға хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының үлгілерін алу бойынша процестік іс-әрекет хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

84. Анықтау, тергеу органдары үш жұмыс күні ішінде сот сараптамасы тағайындалмаған жағдайда хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының ақпараттық картасы бар биологиялық материалын келісімі туралы арызының және процестік іс-әрекет хаттамасының көшірмелерімен бірге Ішкі істер министрлігінің

жедел-криминалистикалық бөлімшесіне геномдық ақпаратты алу және геномдық тіркеуді жүзеге асыру үшін жолдайды.

85. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының биологиялық материалдары бойынша сот сараптамасы органдарында немесе лицензиатқа сот молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындалған жағдайларда Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне осы Қағидалардың 109 және 110-тармақтарында белгіленген тәртіпте геномдық ақпарат беріледі.

86. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының биологиялық материалының дұрыстығын, толықтығын және алу сапасын бақылау анықтау, тергеу органдарының басшыларына жүктеледі.

87. Анықтау, тергеу органдары міндетті геномдық тіркеуді жүзеге асыру үшін ашылмаған ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120, 121, 122, 123 және 124-баптарында көзделген қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған анықталмаған адамдардың және танылмаған мәйіттердің биологиялық материалын Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне жолдайды.

88. Анықтау, тергеу органдары сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында биологиялық материалы алынған, анықталмаған адамдардың биологиялық материалдарына ақпараттық картаны толтырады, ол мынадай мәліметтерді:

- 1) геномдық тіркеу үшін биологиялық материал алуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бөлімшесінің атауын;
- 2) биологиялық материал алу жүргізілген күн мен негізін, қылмыстық істің нөмірін немесе ақпаратты есепке алу кітабындағы тіркеу нөмірін;
- 3) әрекеттің саралануын, қылмыс жасалған күн мен орнын;
- 4) лауазымды адамның атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегін, лауазымы және қолтаңбасын қамтиды.

Ақпараттық картаға оның барысында биологиялық материал алынған тергеу әрекеті (мысалы: оқиға болған жерді қарап-тексеру, қарау, куәландыру) хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

89. Әрбір қылмыстық іс материалдары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған анықталмаған адамдардың биологиялық материалының санына қарамастан бір ақпараттық карта толтырылады.

90. Анықтау, тергеу органдары сот молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындалмаған жағдайда танылмаған мәйіттерді міндетті геномдық тіркеуді жүзеге асыру үшін жеке басты сәйкестендірудің өзге де әдістерімен қайтыс болған (қаза болған) адамның жеке басын анықтай алмаса, Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне танылмаған мәйіттердің биологиялық материалын жолдайды.

91. Анықтау, тергеу органдары осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес танылмаған мәйіттердің биологиялық материалдарына ақпараттық картаны қоса береді, ол мынадай мәліметтерді:

1) геномдық тіркеу үшін биологиялық материал алуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бөлімшесінің атауын;

2) биологиялық материалдар алу жүргізілген күн мен негізін, қылмыстық істің нөмірін немесе ақпаратты есепке алу кітабындағы тіркеу нөмірін;

3) әрекеттің саралануын, қылмыс жасалған күн және орнын;

4) лауазымды адамның атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегін, лауазымы мен қолтаңбасын;

5) танылмаған мәйіт табылған күні мен орнын, жынысын, ерекше белгілерін және қайтыс болу себептерін (бар болса) қамтиды.

Ақпараттық картаға процестік іс-әрекет хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

92. Геномдық тіркеуді жүргізу үшін алынған биологиялық материал сот сараптамасы органдарында немесе лицензиатта сот молекулярлық-генетикалық сараптаманы өткізу арқылы генетикалық профильді алу, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесінің бекітілген әдістемелерге сәйкес молекулярлық-генетикалық зерттеу жүргізуі үшін пайдаланылады.

93. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі биологиялық үлгілерге молекулярлық-генетикалық зерттеулер жүргізу арқылы мыналардың:

1) ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120, 121, 122, 123 және 124-баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін сотталған адамдардың;

2) анықтау, тергеу органдарының тағайындауы бойынша:

ашылмаған ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120, 121, 122, 123 және 124-баптарында көзделген қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңында белгіленген тәртіпте сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында биологиялық материалы алынған анықталмаған адамдардың;

танылмаған мәйіттердің;

хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының генетикалық профилін алуды жүзеге асырады.

94. "ЖБС" ААЖ дерекқорын толықтыру үшін генетикалық профильді алу геномдық ақпараттың дерекқоры бойынша адамның жеке басын сәйкестендіру үшін қажетті генетикалық маркерлерді (локустарды) пайдалана отырып, капиллярлық электрофорез және ПТР флюоресцентті-белгіленген өнімдердің мультихромды детекциясына арналған автоматты аспаптарда ПТР әдісі арқылы жүргізіледі.

95. Генетикалық профиль биологиялық материал бастапқыда сапасыз алынған немесе оның деградациясы салдарынан алынбаған жағдайда осы Қағидаларға 13-

қосымшаға сәйкес жасалған Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесінің сұрау салуы бойынша сотталған адамнан немесе хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысынан үлгілерді қайта алу жүргізіледі.

96. Сот сараптамасы органдары мен лицензиаттар биологиялық материалды қабылдауды, сақтауды, қайтаруды Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 305 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14958 болып тіркелген) сот сараптама объектілерімен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

97. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі биологиялық материалды қабылдауды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 21 шілдедегі № 75 қбпү бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9662 болып тіркелген) ішкі істер органдарында жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүргізеді.

98. Келіп түскен биологиялық материалды есепке алу Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесінде "ЖБС" ААЖ-да электрондық түрде және картотекада қағаз жеткізгіште жүргізіледі.

Сотталған адамның, хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының, танылмаған мәйіттің биологиялық материалына әрқайсысына бөлек жеке штрих-код беріледі, ол карта-жеткізгішке және ақпараттық картаға жапсырылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған анықталмаған адамдардың биологиялық материалы бар әрбір объектіге жеке штрих-код беріледі. Объектілердің барлық штрих-кодтары тиісті қылмыстық істің ақпараттық картасына енгізіледі.

99. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесінде биологиялық материалдарды оқшауланған және заманауи өрт сөндіру құралдарымен, күзет және өрт дабылымен жарақталған жекелеген үй-жайларда (бұдан әрі – қоймалар) сақтау мынадай тәртіпте:

1) карта-жеткізгіштерде биологиялық материалдарды, адамның кептірілген қан үлгісін, шәуетін және өзге бөлінділерінің үлгілерін, шаштарын, тырнақтарын – Цельсий бойынша + 16-дан + 25 градусқа дейінгі температурада ылғалдығы 40-45% артық емес арнайы шкафтарда, күн сәулесінің тура түсуін болдырмайтын қараңғы үй-жайда;

2) танылмаған мәйіттер сүйектерінің, тіндерінің үлгілерін – Цельсий бойынша - 20-дан -80 градусқа дейінгі температуралық режимді сақтай отырып, мұздатқыш қондырғыларда жүзеге асырылады.

100. Қоймаға кіру кодталған құлыптары бар металл есікпен жабдықталады. Терезелері бар болса оларға іштен құлыпқа жабылатын, ашылатын металл торлар орнатылады. Биологиялық материалды сақтау қоймасы арқылы газ, су құбыры және кәріз құбыры өтпеуі тиіс.

101. Биологиялық материалды сақтаған кезде тоңазытқыш, мұздатқыш қондырғыларының температуралық режимі мен үй-жайлардың температуралық-ылғалдылық режимі ұдайы тексеріліп отырады.

102. Қоймаларға бөгде адамдардың, оның ішінде лауазымдық міндеттеріне биологиялық материалдармен жұмыс істеу кірмейтін қызметкерлердің кіруіне тыйым салынады. Ішкі істер министрлігі жедел-криминалистикалық бөлімшесінің бастығы биологиялық материалдарды сақтау қоймасына кіруге рұқсат берілген қызметкерлердің тізімін бекітеді.

103. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының, анықталмаған адамдардың және танылмаған мәйіттердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған және зерттеу жүргізілгеннен, генетикалық профиль алынғаннан және геномдық ақпарат "ЖБС" ААЖ дерекқорына енгізілгеннен кейін заттай дәлелдеме деп танылған биологиялық материалын Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі геномдық тіркеуге бастамашы болған анықтау, тергеу органдарына Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабының талаптарына сәйкес сақтау үшін қайтарады.

104. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі сотталған адамдардың биологиялық материалын геномдық ақпаратты алғаннан кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жасалған, бөлімше басшысы бекітетін дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты және (немесе) биологиялық материалды жою актісі бойынша құрамы кемінде үш қызметкерден тұратын комиссиялық түрде тоқсан сайын жояды.

Жойылған биологиялық материалдың ақпараттық картасы "ЖБС" ААЖ-да электрондық түрде және осы Қағидаларда белгіленген геномдық ақпаратты сақтау мерзімі өткенге дейін картотекада қағаз түрінде сақталады.

105. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі геномдық тіркеуге жататын адамдардың және танылмаған мәйіттердің:

1) Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесінде молекулярлық-генетикалық зерттеулерді;

2) сот сараптамасы органдарында және лицензиаттар сот молекулярлық-генетикалық сараптамаларды жүргізуі кезінде алынған геномдық ақпаратын жинауды жүзеге асырады.

106. Геномдық ақпаратты жинау осы Қағидаларда белгіленген генетикалық профильді және мәліметтерді алуды қамтиды.

107. Материалдық жеткізгіштердегі геномдық ақпарат генетикалық профильді, ақпараттық картадан мәліметтерді, сондай-ақ:

1) геномдық ақпаратты алуды жүзеге асырған уәкілетті мемлекеттік орган бөлімшесінің атауын;

2) қылмыстық істің нөмірін;

3) сот сарапшысы қорытындысының немесе маман қорытындысының нөмірін және күнін;

4) биологиялық объектінің атауын және геномдық ақпараты сот сараптамасы немесе зерттеу нәтижесінде алынған адамның процестік мәртебесін қамтиды.

108. Сот сараптамасы органдары, лицензиаттар сот сараптамасын тағайындаған органмен (адаммен) жазбаша келісім бойынша зерттеу жүргізілгеннен және сарапшы қорытындысы дайындалғаннан кейін бес тәулік ішінде геномдық тіркеуді жүзеге асыру үшін Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне сот молекулярлық-генетикалық сараптама нәтижесінде алынған, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес ресімделген молекулярлық-генетикалық сот сараптамасын жүргізген кезде алынған геномдық ақпаратқа ақпараттық картаға қоса берілген геномдық ақпараттың көшірмесін жолдайды.

109. Сот сараптамасы органдары геномдық ақпараттың көшірмесін "ЖБС" ААЖ арқылы деректерді берудің жабық арналары бойынша Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне жолдайды.

110. Лицензиаттар геномдық ақпараттың көшірмесін аумақтық ішкі істер органының немесе Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне арнайы поштамен жолдайды не қолма-қол ұсынады.

Аумақтық ішкі істер органының жедел-криминалистикалық бөлімшесі геномдық ақпаратты Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне "ЖБС" ААЖ-ға енгізу үшін фельдъегерлік поштамен қайта жолдайды.

111. Геномдық тіркеуден бұрын өткен адамның геномдық ақпаратын өзгерту және (немесе) толықтыру:

- 1) атын, әкесінің атын, тегін, туған күнін, ұлтын ауыстырған;
- 2) жынысын ауыстырған;
- 3) адам өзі туралы жалған ақпарат ұсынған;
- 4) дұрыс емес (қате) мәліметтер фактісі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.

112. Геномдық ақпаратты өзгертуді және (немесе) толықтыруды Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесінің уәкілетті қызметкері:

дактилоскопиялық және геномдық тіркеуден өткен адамның дербес деректерін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы "ЖБС" ААЖ-дан алынған ақпараттың; дұрыс емес (қате) мәліметтер фактісін анықтау негізінде жүзеге асырады.

113. Ішкі істер министрлігі жедел-криминалистикалық бөлімшесінің уәкілетті қызметкері геномдық тіркеуден өткен адамның дербес деректерінің өзгерістері және (немесе) толықтырулары туралы ақпарат келіп түскен кезде "ЖБС" ААЖ-ға тиісті өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде енгізуді мақұлдайды.

114. Ішкі істер министрлігі жедел-криминалистикалық бөлімшесінің уәкілетті қызметкері геномдық тіркеуден бұрын өткен адамның генетикалық профилінде дұрыс

емес (қате) мәліметтер фактісі анықталған кезде генетикалық ақпаратты генетикалық профиль туралы деректер бөлігінде өзгертеді және оның биологиялық материалын қайта молекулярлық-генетикалық зерттеу кезінде алынған жаңасымен үш жұмыс күні ішінде толықтырады.

115. Геномдық ақпарат өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін жаңа ақпаратпен ауыстырылады, бұл ретте алдыңғы деректер "ЖБС" ААЖ-да архивтеледі.

116. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған геномдық ақпаратты "ЖБС" ААЖ-да жинауды және сақтауды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 желтоқсандағы № 169 қбпү бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16206 болып тіркелген) дактилоскопиялық және геномдық ақпараттың дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

117. Сотталған адамның геномдық ақпараты геномдық тіркелген күннен бастап оның қайтыс болу фактісі анықталғаннан кейін жиырма бес жыл өткенге дейін, ал оның қайтыс болғаны немесе сот оны қайтыс болды деп жариялау туралы мәліметтер болмаған кезде ол жүз жасқа толған күнге дейін сақталады.

118. Ашылмаған ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120, 121, 122, 123 және 124-баптарында көзделген қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында биологиялық материалы алынған анықталмаған адамдарды геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған геномдық ақпарат геномдық тіркелген күннен бастап жиырма бес жыл сақталады.

119. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарын геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған геномдық ақпарат хабарсыз кеткен адамның жүрген жері анықталғанға немесе қылмыс оқиғасының немесе құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін сақталады.

120. Танылмаған мәйіттерді геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған геномдық ақпарат қайтыс болған адамның жеке басын анықтағанға дейін, бірақ геномдық тіркелген күнінен бастап жиырма бес жылдан асырылмай сақталады.

121. Геномдық тіркеуді жүргізу нәтижесінде алынған геномдық ақпарат:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды анықтау және белгілеу;

2) Қазақстан Республикасының хабарсыз кеткен азаматтарын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды іздестіру;

3) танылмаған мәйіттер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жеке басын анықтау;

4) іздестіруде немесе анықтауда жүрген адамдардың туыстық қатынастарын анықтау мақсатында пайдаланылады.

122. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының геномдық ақпараты танылмаған мәйіттер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жеке басын анықтау үшін пайдаланылады.

123. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі "ЖБС" ААЖ дерекқорында геномдық ақпаратты пайдалануды уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша геномдық ақпарат бойынша сәйкестендіру арқылы жүзеге асырады.

124. "Жеке басты биометриялық сәйкестендіру" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі дерекқоры бойынша уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ресімделеді және Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне фельдъегерлік байланыс немесе қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтай отырып, электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы жолданады.

125. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуын оны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде орындайды. Нәтижелері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамамен ресімделеді.

126. Сұрау салу бастамашыға:

1) сұрау салу нысаны бұзылған;

2) бастамашы сапасыз геномдық ақпараты бар материалдық жеткізгіштерді ұсынған ;

3) егер сұрау салудың, ақпараттық картаның, геномдық ақпараттың мәтіндік бөлігі нақтылаусыз түзету мүмкін болмайтын бұзушылықтармен және қате толтырылған жағдайларда орындаусыз қайтарылады.

127. Геномдық ақпараттың пайдаланылуын бақылау геномдық ақпарат берілген мемлекеттік органдардың басшыларына жүктеледі.

128. Геномдық тіркеуді жүргізу нәтижесінде алынған геномдық ақпаратты оны жинауды және сақтауды жүзеге асыратын Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі мынадай:

1) осы Қағидаларда белгіленген геномдық ақпаратты сақтау мерзімі өтіп кеткен;

2) уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуы бойынша мыналарды:

геномдық материалы сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған биологиялық материалдан қылмысты ашумен және заңды күшіне енген сот үкімімен алынған адамның жеке басын,

танылмаған мәйіт бойынша адамның жеке басын,

хабарсыз кеткен азаматтың жүрген жерін анықтауға немесе қылмыс оқиғасының немесе құрамының болмауына байланысты қылмыстық істің тоқтатылуын анықтаумен байланысты;

3) уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуы бойынша сотталғаннан кейін геномдық тіркеу жүргізілген адам ақталған жағдайларда жояды.

129. Ішкі істер министрлігі жедел-криминалистикалық бөлімшесінің уәкілетті қызметкері геномдық ақпаратты бөлімше басшысы бекіткен акті бойынша:

- 1) геномдық ақпарат жойылған күнді және негізін;
- 2) геномдық ақпараттың тіркеу нөмірін;
- 3) тіркелген адамның атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегін, жынысын, туған күні мен жерін, жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болса), жеке басын куәландыратын құжатының нөмірін;
- 4) жою тәсілін;

5) геномдық ақпаратты жоюды жүзеге асырған лауазымды адамдардың атын, әкесінің атын (егер олар жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегін, лауазымдары мен қолтаңбаларын, уәкілетті бөлімшенің атауын көрсетіп жояды.

Танылмаған мәйіттің геномдық ақпаратын жою актісінде анықтау, тергеу органының атауы және геномдық тіркеуге бастамашы болған лауазымды адам, қылмыстық істің нөмірі, әрекеттің саралануы, танылмаған мәйіт табылған күн және орны көрсетіледі.

130. Сотталғаннан кейін геномдық тіркеу жүргізілген, ақталған адамның геномдық ақпараты соттың ақтау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуы бойынша бір жылдан кейін ғана жойылады.

131. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуы келіп түскен күннен бастап он күн мерзімде "ЖБС" ААЖ-дағы геномдық ақпаратты жоюды жүргізеді, бұл туралы сұрау салуды жіберген органды жазбаша хабардар етеді.

4-тарау. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылықтар бойынша тексеру іс-шараларын жүргізу және оны беру

132. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуден өткен адам немесе оның заңды өкілі, қорғаншысы не уәкілетті мемлекеттік орган өтініш білдірген кезде тексеру іс-шаралары жүргізіледі.

133. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылықтар бойынша өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алуды не сол жерге шыға отырып тексеріс жүргізуді қажет етпейтін тексеру іс-шараларын өтініш келіп түскен және тіркелген немесе осындай факті анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Ішкі істер министрлігінің көші-қон қызметі және (немесе) жедел-криминалистикалық бөлімшесі жүзеге асырады.

Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылықтар бойынша өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не

сол жерге шыға отырып тексеріс жүргізу қажет болған кезде өтініш келіп түскен және тіркелген немесе осындай факті анықталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде тексеру іс-шаралары жүзеге асырылады.

Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы арызданушыға тексеру іс-шараларының мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде хабарланады.

134. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзу фактісі расталмаған жағдайда Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі арызданушыға немесе тексерісті жүзеге асырған көші-қон қызметіне немесе қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесіне одан әрі арызданушыны хабардар ету үшін хабарлайды.

135. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылық фактісі расталған жағдайда Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты заңсыз жинауды, өңдеуді жояды.

Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын жол берілген бұзушылықтарды жою туралы Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі арызданушыға, тексеруді жүзеге асырған көші-қон қызметіне немесе қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесіне одан әрі арызданушыны хабардар ету үшін хабарлайды.

136. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуден өткен адамның дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратын соттарға, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарға, атқарушылық іс жүргізу, анықтау, тергеу органдарына беруді, оның ішінде трансшекаралық беруді Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың негізінде оны жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі жүргізеді.

137. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуден өткен адамның дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратын беру туралы "Жеке басты биометриялық сәйкестендіру" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі дерекқоры бойынша уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жасалады.

138. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуден өткен адамның дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратын жолдау (жіберу) құпиялық сипаттағы мәліметтерді жіберу үшін көзделген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

139. Дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамға дактилоскопиялық ақпаратты беруді ішкі істер органдарының көші-қон қызметінің бөлімшелері оның жазбаша

өтініші немесе оның заңды өкілінің (бұдан әрі – өтініш беруші) өтініші негізінде жүзеге асырады.

140. Өтініш беруші дактилоскопиялық ақпаратты электронды түрде алу үшін " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – веб-портал) не ішкі істер органдары көші-қон қызметінің аумақтық бөлімшелеріне жазбаша өтініш береді.

Көші-қон қызметінің қызметкері дактилоскопиялық ақпаратты электронды түрде ұсыну туралы жазбаша өтінішті алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде ҚБҚ базасы бойынша өтініш берушінің дактилоскопиялық тіркеуден өткені туралы мәліметтерді тексереді.

Көші-қон қызметінің қызметкері өтініш берушінің дактилоскопиялық тіркеуден өткені туралы мәліметтер болмаған кезде жазбаша өтінішті қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушінің веб-порталдағы жеке кабинетіне дактилоскопиялық ақпараттың жоқ екені туралы хабарлама жібереді.

Көші-қон қызметінің қызметкері веб-порталдағы өтініш берушінің жеке кабинеті болмаған жағдайда ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе электрондық мекенжайы арқылы не хабарламаны немесе қоңырауды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, дактилоскопиялық ақпараттың жоқ екені туралы мәтіндік хабарламамен хабарландыру жібереді.

Көші-қон қызметінің қызметкері дактилоскопиялық тіркеу туралы мәліметтер бар болса, жазбаша өтініш қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аумақтық ішкі істер органының жедел-криминалистикалық бөлімшесіне дактилоскопиялық ақпараттың көшірмесін ұсыну туралы осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес ресімделген "Жеке басты биометриялық сәйкестендіру" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқоры бойынша сұрау салу жібереді.

Аумақтық ішкі істер органының жедел-криминалистикалық бөлімшесі сұрау салуды алып, екі жұмыс күні ішінде ішкі істер органдары көші-қон қызметінің бөлімшесіне дактилоскопиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының ақпаратқа қолжетімділік саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы жібереді.

Көші-қон қызметінің қызметкері дактилоскопиялық ақпаратты алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіні веб-порталдағы өтініш берушінің жеке кабинеті арқылы оның дактилоскопиялық ақпараты беруге дайын екені туралы хабардар етеді.

Көші-қон қызметінің қызметкері веб-порталдағы өтініш берушінің жеке кабинеті болмаған жағдайда ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе электрондық мекенжай арқылы не хабарламаны немесе қоңырауды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, оның дактилоскопиялық ақпараты беруге дайын екені туралы мәтіндік хабарламамен хабарландыру жібереді.

Өтініш берушіге дактилоскопиялық ақпаратты беру ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшесінің кеңсесі арқылы жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

141. Өтініш беруші дактилоскопиялық ақпаратты қағаз түрінде (бояу жағу әдісімен орындалған дактилоскопиялық картаны) алу үшін веб-портал арқылы не ішкі істер органдары көші-қон қызметінің аумақтық бөлімшесіне дактилоскопиялық ақпаратты алуға жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Көші-қон қызметінің қызметкері жазбаша өтінішті қабылдап алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ҚБҚ базасы бойынша дактилоскопиялық тіркеуден өткені туралы мәліметтердің бар-жоғын тексереді.

Көші-қон қызметінің қызметкері өтініш берушіні дактилоскопиялық тіркеу туралы мәліметтер болмаса, жазбаша өтініш қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде веб-порталдағы өтініш берушінің жеке кабинетіне дактилоскопиялық ақпараттың жоқ екені туралы хабарлама жібереді.

Көші-қон қызметінің қызметкері веб-порталдағы өтініш берушінің жеке кабинеті болмаған жағдайда ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе электрондық мекенжай арқылы не хабарламаны немесе қоңырауды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, дактилоскопиялық ақпараттың жоқ екені туралы мәтіндік хабарламамен хабарландыру жібереді.

Көші-қон қызметінің қызметкері өтініш берушінің дактилоскопиялық ақпараты туралы мәліметтер бар болса, жазбаша өтініш қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөлімшесіне осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес ресімделген дактилоскопиялауға және қағаз дактилоскопиялық картаны беруге сұрау салу жібереді, сондай-ақ веб-порталдағы өтініш берушінің жеке кабинеті арқылы өтініш берушіге дактилоскопиялауды жүргізу уақыты мен орны туралы хабарлайды.

Көші-қон қызметінің қызметкері веб-порталдағы өтініш берушінің жеке кабинеті болмаған жағдайда ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе электрондық мекенжай арқылы не хабарламаны немесе қоңырауды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, дактилоскопиялық ақпараттың жоқ екені туралы мәтіндік хабарламамен хабарландыру жібереді.

Өтініш берушіні дактилоскопиялау өтініш берілген сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшесінде жүргізіледі. Өтініш берушіні дактилоскопиялау үшін ертіп жүру көші-қон қызметінің қызметкеріне жүктеледі.

Аумақтық ішкі істер органы жедел-криминалистикалық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидалардың 34, 35, 36 және 37-тармақтарына сәйкес өтініш берушіні дактилоскопиялайды.

Дактилоскопиялаудан кейін өтініш берушінің қолына ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшесінің кеңсесі арқылы бір сағат ішінде қағаз дактилоскопиялық карта беріледі.

142. Геномдық тіркеуден өткен адамның геномдық ақпаратын ұсынуды Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі оның жазбаша өтініші немесе заңды мүдделерін білдіретін адамның жазбаша өтініші қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

143. Өтініш беруші геномдық ақпаратты электронды түрде алу үшін веб-портал арқылы не Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне жазбаша өтініш береді.

Ішкі істер министрлігі жедел-криминалистикалық бөлімшесінің қызметкері геномдық ақпаратты электронды түрде беру туралы жазбаша өтініш қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде "ЖБС" ААЖ дерекқоры бойынша өтініш берушінің геномдық тіркеуден өткені туралы мәліметтерді тексереді.

Ішкі істер министрлігі жедел-криминалистикалық бөлімшесінің қызметкері өтініш берушінің геномдық тіркеуден өткені туралы мәліметтер болмаған кезде өтініш қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде геномдық ақпараттың жоқ екені туралы веб-порталдағы өтініш берушінің жеке кабинетіне хабарлайды.

Ішкі істер министрлігі жедел-криминалистикалық бөлімшесінің қызметкері өтініш берушінің геномдық тіркеуден өткені туралы мәліметтер бар болса, өтініш қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде веб-порталдағы өтініш берушінің жеке кабинетіне осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес тіркелетін адамның ДНҚ профилінің карточкасын жібереді.

144. Дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жоғалтуды, бұрмалауды және санкцияланбаған қолжетімділік мүмкіндігін болдырмау мақсатында:

дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты жинауды, геномдық тіркеуге жататын адамдардың биологиялық материалын және дербес деректерін алуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлері "ЖБС" ААЖ электрондық ақпараттық ресурсының автоматтандырылған жұмыс орындарына дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратқа қызметтік жұмысы бойынша тікелей рұқсаты жоқ лауазымды және өзге де адамдарды жібермейді;

дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинауды және сақтауды жүзеге асыратын Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі:

1) дактилоскопиялық, геномдық ақпаратты осы мақсаттар үшін арнайы бейімделген үй-жайлардан тыс сақтауға;

2) дактилоскопиялық, геномдық ақпараттарға, "ЖСБ" ААЖ-дың электрондық ақпараттық ресурсына, ақпараттық жүйелерге (ақпаратты электрондық жеткізгіштерге) қолжетімділік жүзеге асырылуы мүмкін үй-жайларды (жұмыс кабинеттерін) ашық қалдыруға, сондай-ақ оларды жұмыстан тыс уақытта мөрлемей қалдыруға;

3) дактилоскопиялық, геномдық ақпарат бар (сақталатын) үй-жайларға (жұмыс кабинеттеріне) өзге адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген

негізсіз, бір реттік рұқсат қағазын ресми ресімдеусіз және осы ақпаратпен тікелей жұмыс істейтін қызметкерлердің ілесіп жүруінсіз кіргізуге;

4) материалдық рұқсат қағазды белгіленген тәртіпте ресімдеусіз дактилоскопиялық, геномдық ақпарат бар (сақталатын) үй-жайға (жұмыс кабинеттеріне) визуалды бақылау құралдарын, бейне-, кино-, фотоаппаратураларды, ноутбуктерді, флэш-карталарды, есептеуіш техниканы, интернет-модульдермен, фото- және бейнекамералармен жарақталған мобильдік байланыс (смартфондар, планшеттер, смарт-сағаттар және басқа) құралдарын, радиотехникалық және басқа аппаратураны кіргізуге (шығаруға);

5) дактилоскопиялық, геномдық ақпаратты қызметтік жұмысы бойынша осы ақпараттарға тікелей рұқсаты жоқ лауазымды және өзге адамдарға уақытша пайдалануға беруге;

6) тіркелген адамдардың дактилоскопиялық, геномдық ақпаратына өзгерістер және (немесе) толықтыруларды негізсіз енгізуге және оны пайдалануға;

7) дактилоскопиялық, геномдық ақпаратты негізсіз және тиісті құжаттарды ресімдеусіз жоюға;

8) байланыстың ашық арналары (телефон, модем, факс, интернет және басқалар) бойынша дактилоскопиялық, геномдық тіркеуден өткен азаматтар туралы анықтама беруге, сондай-ақ тексерістер жүргізуге және лауазымды және өзге де адамдардың бейресми өтініш білдіруі бойынша олар туралы жазбаша немесе ауызша нысанда ақпарат беруге;

9) есепке алынған құжаттарды дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратпен жұмыс істеу лауазымдық міндеттеріне кіретін қызметкер болып табылмайтын адамдардың уақытша пайдалануына беруге;

10) автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге санкцияланбаған қолжетімділіктен бақылау және қорғау құралдарын қамтамасыз етусіз автоматтандырылған есепке алуды жүргізуді жүзеге асыруға рұқсат бермейді.

Дактилоскопиялық және
геномдық тіркеуді жүргізу
қағидаларына
1-қосымша
Беткі жағы/Лицевая сторона
Уәкілетті мемлекеттік органның
басшысына/
Руководителю уполномоченного
государственного органа

(лауазымы, аты-жөні,
тегі/должность, фамилия и
инициалы)
20__ ж. " __ " ____ /
" __ " ____ 20__ г.

ӨТІНІШ/ЗАЯВЛЕНИЕ

бас тартуы/Статья 443-1 Отказ граждан Республики Казахстан, иностранцев и лиц без гражданства от прохождения обязательной дактилоскопической и (или) геномной регистрации

2. Шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтуден бас тартуы Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғады./2. Отказ иностранцев или лиц без гражданства от прохождения обязательной дактилоскопической регистрации влечет административное выдворение за пределы Республики Казахстан."

(заңды өкілдің, қорғаншының қолтаңбасы)/(подпись законного представителя/ опекуна)

□□□□□□□□□□

күні/число айы/месяц жылы/год

Заңды өкілдің/қорғаншының әрекет етуіне негіз болатын құжаттың көшірмесі/

Копия документа, на основании которого действует законный представитель/ опекун

Қолтаңбасы/Подпись _____ күні/дата

Дактилоскопиялық және
геномдық тіркеуді жүргізу
қағидаларына
3-қосымша
Бекітемін
Ішкі істер министрлігінің
уәкілетті бөлімшесінің басшысы

(Аты-жөні, тегі)

20__ ж. " __ " _____

Дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты және (немесе) биологиялық материалды жою актісі

№ _____ 20__ жылғы " ____ " _____

Құрамында: төраға _____

(лауазымы, аты-жөні, тегі) және комиссия мүшелері:

1. _____

(лауазымы, аты-жөні, тегі)

2. _____ бар комиссия

(лауазымы, аты-жөні, тегі)

мына адамдардың: _____

№ _____ қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі

тергеп-тексеру барысында биологиялық материалы алынған, анықталмаған

адамдардың Т.А.Ә. (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған

күні, ЖСН (бар болса);

№ _____ қылмыстық іс бойынша танылмаған мәйіттің;

№ _____ қылмыстық іс бойынша хабарсыз кеткен
азаматтың биологиялық туысының _____

Т.А.Ә. (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған жылы, ЖСН (бар болса)

дактилоскопиялық/геномдық ақпаратын/биологиялық материалын (керек емесі сызып тасталсын) жою туралы осы актіні толтырды.

Дактилоскопиялық карта №/генетикалық ақпараттың ақпараттық картасының №:

|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|

Жою негіздемесі _____

Дактилоскопиялық/геномдық ақпаратты/биологиялық материалды жою тәсілі _____

Қосымша (биологиялық материал үшін):

ақпараттық карталардың № _____

(аты-жөні, тегі, лауазымы мен қолтаңбасы)

(аты-жөні, тегі, лауазымы мен қолтаңбасы)

Дактилоскопиялық және
геномдық тіркеуді жүргізу
қағидаларына
4-қосымша

Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның дактилоскопиялаудан өткені туралы АНЫҚТАМА

(Т.А.Ә. (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған күні)

_____ берілді.

ЖСН _____

Тіркеу сәйкестендіргіші: KZ _____

Ішкі істер органының атауы _____

Дактилоскопиялау жүргізген _____

(қызметкердің лауазымы, атағы, Т.А.Ә. (егер ол жеке

басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) (дактилоскопиялау күні)

(қызметкердің қолы)

Мөр орны (бар болса)

Анықтама ұлттық паспортты көрсеткен кезде жарамды.

Дактилоскопиялық және
геномдық тіркеуді жүргізу
қағидаларына
5-қосымша

Дактилоскопиялық картаның
беткі жағы

ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ КАРТА/ДАКТИЛОСКОПИЧЕСКАЯ КАРТА

Тегі/Фамилия | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Аты/Имя | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)/Отчество (если

оно указано в документе, удостоверяющем личность) | | | | | | | | | | | | | | | |

|

Азаматтығы/Гражданство | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Жынысы/Пол: | | | Ер/Мужской | | | Әйел/Женский

Туған күні/Дата рождения Күні/День | | | | Айы/Месяц | | | | Жылы/Год | | | | |

|

Туған жері/Место рождения | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Тіркелген немесе болатын жері туралы мәліметтер/Сведения о регистрации или месте

пребывания | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

ЖСН (бар болса)/ИИН (при наличии) | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен нөмірі/Наименование и номер документа,

удостоверяющего личность | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Берілген күні/Дата выдачи Күні/День | | | | Айы/Месяц | | | | Жылы/Год | | | | |

|

Кім берген/Кем выдан | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

ОҢ ҚОЛЫ/ПРАВАЯ РУКА

1. Бас бармақ/ Большой	2. Сұқ саусақ/ Указательный	3. Ортаңғы саусақ/ Средний	4. Атаусыз саусақ/ Безымянный	5. Шынашак/ Мизинец
---------------------------	--------------------------------	-------------------------------	----------------------------------	------------------------

Бүктеу сызығы/Линия перегиба СОЛ ҚОЛЫ/ЛЕВАЯ РУКА

1. Бас бармақ/ Большой	2. Сұқ саусақ/ Указательный	3. Ортаңғы саусақ/ Средний	4. Атаусыз саусақ/ Безымянный	5. Шынашак/ Мизинец
---------------------------	--------------------------------	-------------------------------	----------------------------------	------------------------

Бүктеу сызығы/Линия перегиба БАҚЫЛАУ ТАҢБАЛАРЫ/КОНТРОЛЬНЫЕ ОТПЕЧАТКИ

Сол қолы/Левая рука Оң қолы/Правая рука

Бас бармақ / Большой	Бас бармақ / Большой

Дактилоскопиялаудан өткен адамның қолтаңбасы/Подпись дактилоскопированного лица

Дактилоскопиялық картаның сыртқы жағы/Оборотная сторона дактилоскопической карты

ҚОЛДАРЫНЫҢ АЛАҚАН БЕТІНІҢ ТАҢБАЛАРЫ/ОТПЕЧАТКИ ЛАДОННЫХ ПОВЕРХНОСТЕЙ РУК

Сол қолы/Левая рука

Оң қолы/Правая рука

оно указано в документе, удостоверяющем личность) |_____|

Азаматтығы/Гражданство |_____|

Жынысы/Пол: |__| Ер/Мужской |__| Әйел/Женский

Туған күні/Дата рождения: күні/день |__| айы/месяц |__|

жылы/год |__|

Туған жері/Место рождения |_____|

Тіркелгені немесе болатын жері туралы мәліметтер/Сведения о регистрации или месте пребывания |_____|

ЖСН (бар болса)/ИИН (при наличии) |_____|

Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен нөмірі/Наименование и номер документа, удостоверяющего личность |_____|

Берілген күні/Дата выдачи Күні/День |__| Айы/Месяц |__| Жылы/Год |__|

Кім берген/Кем выдан |_____|

Ұлты/Национальность |_____|

Биологиялық материал алуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган

бөлімшесінің атауы/Наименование подразделения уполномоченного государственного органа,

осуществляющего отбор биологического материала |_____|

Биологиялық материал алу жүргізілген күн мен негізі/Дата и основание проведения отбора биологического материала:

Күні/День |__| Айы/Месяц |__| Жылы/Год |__|

Тіркеу санаты/Категория регистрации: |__| ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚК-нің 120, 121, 122, 123 және 124-баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін сотталған адамдар/лица, осужденные за совершение тяжких или особо тяжких преступлений, а также преступлений, предусмотренных статьями 120, 121, 122, 123 и 124 УК РК

ҚК-нің адамды соттауға негіз болған баптары көрсетілсін/Указать статьи УК, по которым осуждено лицо _____

|__| хабарсыз кеткен азаматтың биологиялық туыстары/биологические родственники без вести пропавшего гражданина

Биологиялық материалы алынған адамның қолтаңбасы/Подпись лица, у которого отобран биологический материал _____

Заңды өкілдің/қорғаншының қолтаңбасы/Подпись законного представителя/ опекуна _____

Қызметкердің қолтаңбасы/Подпись сотрудника _____

Танылмаған мәйіттердің биологиялық материалдарына ақпараттық карта/Информационная карта к биологическим материалам неопознанных трупов

Геномдық тіркеу үшін биологиялық материал алуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бөлімшесінің атауы/Наименование подразделения уполномоченного государственного органа, осуществляющего отбор биологического материала для геномной регистрации

Биологиялық материалдар алу жүргізілген күн мен негізі/Дата и основание проведения изъятия биологических материалов:

күні/день |__|__| айы/месяц |__|__| жылы/год |__|__|__|__|

Қылмыстық істің нөмірі немесе ақпаратты есепке алудың тіркеу нөмірі/Номер уголовного дела или регистрационный номер учета информации:

|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|

Танылмаған мәйіт табылған күн мен орны, жынысы, ерекше белгілері және қайтыс болу себебін көрсету (бар болса)/Дата и место обнаружения неопознанного трупа, пол, особые приметы и указание причины смерти (приналичии):

Қосымша: процестік іс-әрекет хаттамасының көшірмесі: ___ парақта.

Приложение: копия протокола процессуального действия: на ___ листах.

Қызметкердің қолтаңбасы/Подпись сотрудника _____

Т.А.Ә. (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)/Ф.И.О. (если оно указано в документе, удостоверяющем личность), лауазымы/должность

Күні/День |__|__| Айы/Месяц |__|__| Жылы/Год |__|__|__|__|

DYS385	DYS449	DYS393	DYS439	DYS481	DYF387S1
DYS533					

Ескертпе: тізбе түпкілікті болып табылмайды, өзге де локустар бөлінген кезде толықтырылсын/Примечание: перечень не является исчерпывающим, дополнить при выделении иных локусов

Дактилоскопиялық және
геномдық тіркеуді жүргізу
қағидаларына
15-қосымша
Ішкі істер министрлігінің
жедел-криминалистикалық
бөлімшесі

"Жеке басты биометриялық сәйкестендіру" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқоры бойынша сұрау салу

KZ _____ тіркеу сәйкестендіргіші
бойынша дактилоскопиялық ақпараттың көшірмесін ұсынуды сұраймын.
Лауазымды адам – сұрау салуға бастамашы

_____ (бастамашының тегі, аты-жөні, лауазымы және қолтаңбасы)

20 ____ ж. " ____ " _____

Дактилоскопиялық және
геномдық тіркеуді жүргізу
қағидаларына
16-қосымша
Ішкі істер органдарының
жедел-криминалистикалық
бөлімшесі

Дактилоскопиялауға және қағаз дактилоскопиялық картаны беруге сұрау салу

Азамат _____
(тегі, аты-жөні)

дактилоскопиялық ақпаратты оған қағаз түрінде беру туралы өтініші келіп түсуіне байланысты азамат _____
дактилоскопиялауды және қағаз түрінде дактилоскопиялық картасын беруді сұраймын.

Дактилоскопиялық ақпарат "Жеке басты биометриялық сәйкестендіру" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде бар, тіркеу сәйкестендіргіші:

KZ _____.

Лауазымды адам – сұрау салуға бастамашы _____

(бастамашының тегі, аты-жөні,

лауазымы және қолтаңбасы)

20 ____ ж. " ____ "

Дактилоскопиялық және
геномдық тіркеуді жүргізу
қағидаларына
17-қосымша

Тіркелетін адамның ДНК профилінің карточкасы/Карточка профиля ДНК регистрируемого лица

Тегі/Фамилия | _____ |

Аты/Имя | _____ |

Әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)/Отчество (если

оно указано в документе, удостоверяющем личность) | _____ |

туған күні/дата рождения | ____ | ____ | ____ | ____ |

күні/число айы/месяц жылы/год

Азаматтығы/Гражданство _____,

Туған жері/Место рождения _____,

ЖСН/ИИН | _____ |

ДНК-профилі/ДНК-профиль:

Amel	D3S1358	D1S1656	D2S441	D10S12 48	D13S317	D16S539	D18S51	D2S1338
CSF1PO	TH01	vWA	D21S11	D7S820	D5S818	TPOX	D8S1179	D12S391
D19S433	D22S10 45	FGA	*	*	*	*	*	*

* - Ескертпе: қолданылатын реагенттер жиынтығына байланысты STR маркерлерінің саны одан да көп болуы мүмкін. Кестеде негізгі аутосомды STR маркерлері көрсетілген/ Примечание: количество STR-маркеров может быть и больше в зависимости от используемого набора реагентов. В таблице представлены основные аутосомные STR-маркеры.

Лауазымды адам/Должностное лицо _____

(тегі, аты-жөні, лауазымы және

қолтаңбасы/фамилия, инициалы, должность и подпись)

20 ____ ж./г. " ____ "

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің

Верификациялау рәсімінен өту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Верификациялау рәсімінен өту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағында, 2-тармағының 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамдар қайта жүгінген кезде верификациялау рәсімінен өту тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) дактилоскопиялау – қолдардың тырнақ фалангаларының және (немесе) алақандары бетіндегі папиллярлық сызықтардан түзілетін тері бедерлерінің таңбаларын (бұдан әрі – таңбалар) алу;

2) "Жеке басты биометриялық сәйкестендіру" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі – біреуі автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйедегі дактилоскопиялық ақпаратты қамтитын, ал екіншісі автоматтандырылған геномдық ақпараттық жүйедегі геномдық ақпаратты қамтитын екі кіші жүйеден тұратын электрондық ақпараттық ресурс;

3) верификациялау – жеке тұлға қолдарының саусақтары және (немесе) алақандары папиллярлық бедерлерін оның жеке басын куәландыратын құжатта не "ЖБС" ААЖ-дың дерекқорында орналасқан дактилоскопиялық ақпаратымен сәйкестікке тексеру арқылы жеке басын растау;

4) дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік органдар) – өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуді жүзеге асыратын ішкі істер органдары, сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ұлттық қауіпсіздік органдары, көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

5) халықты құжаттандыруға арналған қолданбалы бағдарламалық қамтылым (бұдан әрі – ҚБҚ) – Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыруға және тіркеуге арналған бағдарламалық өнім;

6) тексеру іс-шаралары – дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарының бұзылуын анықтауға бағытталған іс-әрекеттер.

3. Өз өкілеттіктері шеңберінде верификациялау рәсімін жүзеге асыруға:

1) ішкі істер органдары;

2) сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

3) Қазақстан Республикасының шет елдерде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері);

4) ұлттық қауіпсіздік органдары қатысады.

2-тарау. Верификациялау рәсімінен өту

4. Ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшелері:

1) өздерінің келісімімен Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын қалпына келтіру не ауыстыру үшін жүгінген Қазақстан Республикасы азаматтарының;

2) Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алу үшін осы Қағидалардың 9-тармағында белгіленген тәртіпте қайта жүгінген кезде он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалардың;

3) мыналардың:

Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат алу үшін жүгінген;

мыналарды:

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын;

азаматтығы жоқ адамның куәлігін;

босқын куәлігін;

жол жүру құжатын қалпына келтірген, ауыстырған жағдайларда он алты жасқа толған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпараты бойынша верификациялау рәсімінен өтуін жүзеге асырады.

5. Сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы азаматының паспорты Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде олардың келісімімен ресімделген кезде Қазақстан Республикасы азаматының, сондай-ақ осы Қағидалардың 9-тармағында белгіленген тәртіпте он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалардың дактилоскопиялық ақпараты бойынша жеке басын верификациялау рәсімінен өткізуді жүзеге асырады.

6. Сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ішкі істер органдары өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеген кезде он алты жасқа толған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпараты бойынша жеке басын верификациялау рәсімінен өткізуді жүзеге асырады.

7. Ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберілетін не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттар қолданылатын, он алты жасқа толған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпараты бойынша жеке басын верификациялау рәсімінен өткізуді жүзеге асырады.

8. Верификациялау рәсімінен өткізу жеке тұлға қолдарының саусақтары және (немесе) алақандары папиллярлық бедерлерін оның жеке басын куәландыратын құжатта не "ЖБС" ААЖ-дың дерекқорында орналасқан дактилоскопиялық ақпаратымен сәйкестікке тексеру арқылы жеке басын растауды қамтиды.

9. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алу үшін қайта жүгінген кезде он екі жастан он алты жасқа дейінгі балаларды верификациялау рәсімінен өткізу олардың келісімімен жүзеге асырылады және баланың заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжатты және заңды өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты көрсеткен кезде қатысуымен және осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес жасалған оның жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

10. Әрекетке қабілетсіздігін сот анықтаған адамды верификациялау рәсімінен өткізу оның қамқоршысының жеке басын куәландыратын құжатты және қамқоршының өкілеттігін растайтын құжатты көрсеткен кезде қатысуымен және осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес жасалған жазбаша өтінішінің негізінде жүргізіледі.

11. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басын верификациялау рәсімінен қолдарының барлық саусақтары немесе екі қолының басы болмаған жағдайда босатылады.

12. Жеке басты дактилоскопиялық ақпарат бойынша верификациялау ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшелерінде, оның ішінде оның халықты құжаттандыру пункттерінде, ұлттық қауіпсіздік органдарында, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде жүргізіледі.

13. Көші-қон қызметінің қызметкері Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды құжаттандыру кезінде олардың Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның ҚБҚ-да дактилоскопиялық тіркеуден өткені туралы белгі болған кезде "ЖБС" ААЖ арқылы верификациялауды жүргізеді.

14. Верификациялау дактилоскопиялық сканер, тиісті жабдық және биометриялық құжаттардан дактилоскопиялық ақпаратты не "ЖБС" ААЖ-дың дерекқорынан нақты адамның дактилоскопиялық ақпаратын оқуға қолжетімділік болған кезде жүзеге асырылады.

15. Верификациялау алдында тіркелетін адамның қолдарының тазалығы тексеріледі

Тіркелетін адамның қолдарының айтарлықтай ластануы анықталған кезде санитариялық-гигиеналық құралдармен өңдеу арқылы оны кетіруге мүмкіндік беріледі.

16. Дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды верификациялау дактилоскопиялық

сканердің төсеніш шынысына оң және сол қолдың төрт саусағын (сұқ, ортаңғы, атаусыз саусақ пен шынашақты) біруақытта, содан кейін бас бармақтарын кезекпен қою арқылы бояу жақпайтын әдіспен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қолдарының саусақтарының папиллярлық бедерлері жеке басын куәландыратын құжатта орналастырылған не "ЖБС" ААЖ дерекқоры бойынша олардың дактилоскопиялық ақпаратымен сәйкес келген кезде Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар құжаттандырудың одан кейінгі рәсімінен өтеді.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қолдарының саусақтарының папиллярлық бедерлері жеке басын куәландыратын құжатта орналастырылған не "ЖБС" ААЖ дерекқоры бойынша олардың дактилоскопиялық ақпаратымен сәйкес келмеген жағдайда, осы Қағидалардың 17, 18 және 19-тармақтарында көзделген тексеру іс-шаралары жүргізілгеннен кейін заңнамада белгіленген тәртіпте қайта дактилоскопиялаудан өтеді.

17. Ішкі істер министрлігінің көші-қон қызметі және (немесе) жедел-криминалистикалық бөлімшесі дактилоскопиялық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылықтар бойынша өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алуды не сол жерге шыға отырып тексеріс жүргізуді қажет етпейтін тексеру іс-шараларын өтініш келіп түскен және тіркелген немесе осындай факті анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Дактилоскопиялық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылықтар бойынша өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не сол жерге шыға отырып тексеріс жүргізу қажет болған кезде тексеру іс-шаралары өтініш келіп түскен және тіркелген немесе осындай факті анықталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы арызданушыға тексеру іс-шараларының мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде хабарланады.

18. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі дактилоскопиялық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылық фактісі расталмаған жағдайда арызданушыға немесе тексерісті жүзеге асырған көші-қон қызметіне одан әрі арызданушыны хабардар ету үшін хабарлайды.

19. Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі дактилоскопиялық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылық фактісі расталған жағдайда дактилоскопиялық ақпаратты заңсыз жинауды, өңдеуді жояды.

Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі жол берілген дактилоскопиялық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзушылықтарды жою туралы

